

## **Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 30 маусым N 138-1

Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 жылғы 1 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы" 1997 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 15 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы" 1997 жылғы 27 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 12 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 9 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

179-бапта:

мынадай мазмұндағы 2 және 3-тармақтармен толықтырылсын:

"2. Заңды және жеке тұлғалар 1995 жылғы 9 тамыздағы жағдай бойынша салық және кеден органдары деректерінің негізінде 1995 жылғы 1 шілдеге дейін пайда болған құқық қатынастары бойынша есептелген айыппұлдар мен өсімдер жөніндегі берешек сомаларын төлеуден босатылады.

3. Заңды және жеке тұлғалар 1995 жылғы 9 тамыздағы жағдай бойынша салық органдары деректерінің негізінде 1995 жылғы 1 шілдеге дейін пайда болған құқық қатынастары бойынша есептелген Экономиканы жаңғырту қоры мен Кәсіпкерлікті

қолдау және бәсекелестікті дамыту қорына төлемдер бойынша, қоғамдық қалалық көлікті дамытуға заңды тұлғалардан алынатын алымдар бойынша және тұтынуға жұмсалатын қаражаттың олардың нормативтік шамасынан асып түскен сомасынан алынатын пайдаға салынатын салық бойынша (тұтыну қоры), сондай-ақ 1997 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша аталған берешектер жөнінде айыппұлдар мен өсімнің есептелген сомаларын төлеу бойынша берешек сомаларын төлеуден босатылады.";

2, 3, 4, 5-тармақтар 4, 5, 6, 7-тармақтар болып есептелсін;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін 1997 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша пайда болған мерзімі өткен және мерзімі ұзартылған салық төлемдері бойынша өсім есептеу тоқтатыла тұрады.

1997 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша есептелген айыппұлдар мен өсімдер салық қызметі органдарының 1997 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша пайда болған, төленген мерзімі өткен және мерзімі ұзартылған салық төлемдерінің сомасына барабар кемітілуге тиіс."

Қазақстан Республикасының  
Президенті